

А.Б.Бейсентай

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Мағжан поэзиясындағы символизм**

Мақалада М.Жұмабаев поэзиясындағы символизм мәселесі қарастырылды. Еуропалық, орыс ақындар поэзиясына ұқсамайтын, өзіне тән ұлттық ерекшеліктері сараланып, поэзиялық салыстырулар жасалды.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеті, әдеби үлгі, символизм, символизм талаптары, поэтикалық символдар, символистік ізденістер, рухани-эстетикалық әлем, жалпыадамзаттық контекст, еуропалық үлгі, символистік жырлар.

Қазақ әдебиетінің ірі өкілі Мағжан Жұмабаев шығармашылығында тамыр тартып жатқан әдеби үлгілердің бірі символизм екендігі белгілі. Олай болса, «Ақын Мағжанның символизмге айрықша ден қоюының сыры неде? Бұл тарапта оны қызықтырған себептер қандай?» деген сұрақтар төңірегінде ой өрбітіп көрелік.

Эстетикалық негіздері ХІХ ғасырдың 60–70-жылдарында Поль Верлен, Артюр Рембо, Стефан Малларме, Лотреамон сынды француз ақындарының шығармалары арқылы қалыптасқан символизмнің негізгі талаптарының бірі жаратылыс тылсымдарына түйсік арқылы бойлауға, түйсінгенін әрқайсысы өзіндік мән, идеяға ие поэтикалық символдар арқылы жеткізуге мүмкіндік беретін ақынның ой азаттығы болды.

Аталған ақындардан басталып, Ренье, Метерлинк, Валери, Гофмансталь, Рильке, тағы басқалардың шығармашылығында жалғастық тапқан символистік ізденістер барысында қателесулер де, шығармашылық жаңашылдықтар да молынан ұшырасты. Символизмнің негізгі жетістігі ретінде ой азаттығын, бейнелеу еркіндігін, рухани құлдырауға наразылық, рухани азаттықты аңсау, рухани еркіндіктің орнығуына жол ашатын өзгерістің боларына деген сенім сияқты белгілерді атауға болады.

Еуропалық әдебиетпен таныстық барысында Мағжанды ақын ретінде қызықтырған да символизмнің осындай ерекшеліктері болса керек. Сонымен қатар бұл тұста М.Жұмабаев өмір сүрген қоғамның ақын Мағжан үшін аса қадірлі ұлттық рухани-мәдени құндылықтарға көзқарасы қандай болғанын да қағыс қалдыруға болмайды. Себебі ұлттық рухани ерекшелік мәселесіне байланысты: «Адамзаттың рухани дамуы алуан ұлттардың рухани өрісіндегі өміршең, өнегелі қасиеттерді игеріп, кәдеге жарата алуымен сабақтасады. Өйткені бір ұлттың рухани-эстетикалық әлемі екінші бір ұлттың болмыс-бітімімен еш уақытта бірдей болмайды. Әр ұлттың болмысты өзінше түйсініп, түсінуі оның табиғатын айқындайды. Сондықтан әрқайсысының өзіндік ерекшелігі дегеніңіз жалпыадамзаттық контексте алып қарағанда әрқайсысының өзіндік байлығы деп бағалануға да лайықты» [1], — деп пайымдайтын біздің бүгінгі түсінігіміз Мағжан өмір сүрген қоғам үшін соншалықты маңызды емес еді.

Аталған жайттерге көңіл аударар болсақ, қазақ ақыны М.Жұмабаевтың символизмге бет бұруы еуропалық үлгілерге жалаң «еліктеуден» емес, ақындық жаратылысынан бастау аларын дұрыс пайымдай аламыз.

Салыстырып байқалық:

1. В.Брюсов аударған француз Поль Верлен өлеңі:

*Тянется безмерно
Луговин тоска,
Блещет снег неверно,
Как пласты песка.
Небеса без света
Тверды, словно медь,
Месяц глянул где-то,
Вновь чтоб умереть.*

2. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев өлеңі:

*Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұлы.*

Көріп тұрғанымыздай, екі символист ақын, екеуінің бейнелегені де — түн, алайда екі ақында — екі түрлі сурет, жеткізгені — екі түрлі рух, екі түрлі сезім.

Француз Верленде үмітсіздік, дәрменсіздік басым, сондықтан да оған дүние түгел сұрқай, суық көрінеді: қары — қатпарлы топырақтай сұрықсыз, аспаны — сәулесіз түнек, әлдеқайдан жылт еткен айы — өлімге асық.

Қазақ Жұмабаевта мұң бар, аңсау бар, түн ұлы — адасқан адам бар, ең бастысы, осы түн ұлын құтқаруға асық Күн ұлы бар, сондықтан да қазақ ақынының өлеңінде кап-қара түнді тіліп түскен «ақ алтын сызық» — сәуле бар, ол — үміт сәулесі, сенім сәулесі.

Батыс символистері мен Мағжан жырларын өзара салыстырып байқасақ, қазақ ақынынан ұдайы байқалатын бір ерекшелік бар, ол — Мағжанның символистік жырларындағы рух өрлігі. Символист Мағжанда қараңғы түн, қара бұлт, қара қан, қайғылы күй, т.с.с. суреттер жиі ұшырасса да, сол сұрқай тірлікке сәуле себезгілейтін сенім күйі, өршіл рух бейнесі әркез сақталып отырады.

Мағжанның символистік өлеңдеріне тән бұл ерекшелік қазақ ақынының символизмге өз түсінігімен, өз үнімен келгенін аңғартады. Мағжанның символизмге келуі санасыз әрекет, жадағай еліктеу емес, өзінің жан әлеміндегі буырқанысты күйлерді, бүгінгі мұңлы сезімін, ертеңге деген үміт-сенімін барынша әсерлі, бейнелі жеткізуге құштарлықтан туған саналы тірлік. Сондықтан да ол еуропалық үлгіні көзсіз көшіріп алмайды, тылсымына бойлай отырып, қажетін қабылдайды, ақындық жүрек сүзгісінен өткере отырып, шығармашылықпен жаңғырта, жаңарта қолданады.

Қазақ поэзиясына Мағжан әкелген символизм бейнелеу тәсілдерін қолдану тұрғысынан еуропалық символизмге сырттай ұқсастық танытқанымен, ішкі мазмұн жағынан басқаша бағдар ұстанады. Еуропалық символизмде жазмышқа мойын ұсыну, шарасыздық, күйректік, дағдарыс, торығу күйлері басым болып келсе, Мағжанның символистік өлеңдерін айшықтап тұрған ерекшелік — рух асқақтығы, сенім айқындығы.

Осы орайда М.Жұмабаев шығармашылығына батыстың символист-ақындарының әсері төңірегінде ой тиянақтап көрсек, Мағжанның еуропалық символизмнен үлгі алғаны анық. Алайда бұл үлгі еуропалық ақындар поэзиясынан тікелей алынды ма әлде орыс поэзиясы арқылы жанама жолмен жетті ме? — ол туралы кесіп айту қиын. Өйткені Мағжанның Гете, Гейне өлеңдерімен таныстығы анық белгілі болғанымен, өзге ақындар поэзиясымен таныстығы турасында олай айтуға мүмкіндік жоқ. Батыс романтизмінің, символизмінің көрнекті өкілдерінің барлығы дерлік Мағжан өмір сүрген дәуірде орыс тілінде жарияланғанымен, олардың қайсысының шығармалары қазақ ақынының қолына тиді, ол жағы беймәлім. Сондықтан Мағжанның еуропалық символизм өкілдерімен үндестік танытуының себебі қазақ ақынының олардан тікелей үйренуінен гөрі, ішкі сезім, ішкі сұңғыла түйсік арқылы рухани жақындасуына көбірек келеді.

Сондай-ақ батыс ақындарының романтизм, символизмге бет бұруында олардың өздері өмір сүрген қоғамындағы әлеуметтік-саяси оқиғалар, олардың әлеуметтік ой-санадағы салдары қандай маңызды роль атқарған болса, қазақ ақыны М.Жұмабаев поэзиясында символизмдердің бел алуында да қалың ортасында өзі жүрген қазақ қоғамындағы орасан өзгерістер соншалықты маңыз иеленді. Демек, Мағжанның символизмге келуі — «жаңалық ашуға» құштарлықтан туған яки «еліктеуден» туған тірлік емес, көбіне-көп теріске тартқан «төңкерісшіл өзгерістердің» салдарынан жан дүниесінде булыққан сезім күйлерін сыртқа шығаруға ұмтылған қажетті шығармашылық әрекет.

Қазақ ақынының еуропалық әдебиетке бет бұрған кезеңіндегі шығармашылығынан танылатын ерекшеліктер жайына назар аударған тұста Ш.Елеуеновтің: «Мағжан Жұмабаев поэзиясында орыс және дүние жүзі классикалық әдебиетінің іздері сайрап жатыр. Абай үлгі алған батыс, орыс ақындарының қатарына ол Фет, Бальмонт, Мережковский, Брюсов, Блок сынды өз заманының поэзия дүлдүлдерін қосты. ... Орыс әдебиетінің, күллі батыс әдебиетінің жетістіктерімен тоғысқанда Мағжан поэзиясы олардың ығында қалып қойған жоқ. Қай уақытта да Мағжан қазақ елінің нақты жағдайына табан тірей сөйлеген» [2], — деп тиянақтай түйіндеген пікірін әркез ойда ұстаған орынды болмақ.

Алаш ақынының еуропалық романтик, символистермен шығармашылық үндестік табуының себебіне қарағанда, орыс поэзиясындағы романтизм, символизм өкілдерімен байланысының сыр-сипаты басқаша мәнде көрінеді. Бұл тұста, бірінші кезекте, «Қазақ ақыны Мағжанды орыс

әдебиетіндегі символизм сияқты ағым-бағыттардың қызықтыру себебі неде?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Бастау кезеңінде батыс әдебиетінен үлгі ала дамығанымен, орыс әдебиетіндегі романтизм де, өз кезегінде одан ірге ажыратып шығатын символизм де Ресей топырағына ғана тән ұлттық, әлеуметтік белгілерімен, сондай-ақ бейнелеу тәсілдеріндегі соны ізденістерімен ерекшеленеді. Бұл сипат әсіресе орыс символизмінде айқын аңғарылады. Орыс ақындары символистік бейнелеу тәсілдерін құбылта қолдану, сөзді ойнату, соны суреттер жасау, тосын ой ұсыну, дыбыстық әуезділікке мағына үстеуге талпыну сияқты жаңашылдықтарымен ерекшеленеді. Бұл бағыттағы ізденістерінде орыс символистері біріне-бірі ұқсамайды, бірін-бірі қайталамайды. Салыстырып байқалық:

Символист К.Д.Бальмонт өлеңі:

*Мы брошены в сказочный мир
Какой-то могучей рукой.
На тризну? На битву? На пир?
Не знаю. Я — вечно другой.
Я каждой минутой сожжен.
Я в каждой измене — живу, —*

деген үлгіде келсе, орыс символизмінің тағы бір танымал өкілі В.Я.Брюсовтың өлеңі:

*Шорох в глуши камыша,
Шелест — шурианье вершин,*

*Шум в свежей чаще лощин,
Шепот души заглуша,
Шепот, смущенье и дрожь,
Ширью и тишью живешь,*

*Шумом в глуши камыша,
Шелестом веющих вершин,*

Шорохом в чаще лощин, —

деп келеді.

Бальмонт өлеңіндегі «ертегі дүниесі» ешқандай да ертегіге қатысты дүние емес, ақынның өзі өмір сүріп жатқан тірлік дүниесінің символы, «құдіретті қолы» — жаратушының символы. Аталған символдардың мәні ашылғаннан кейін өлеңнің мазмұны да айқындалып сала береді: «Ақын өзінің бұл дүниеде не істеп жүргенін, не үшін келгенін түсінбейді. Сондықтанда ол өзіне өзі жат».

Бальмонт өлеңінен айналадағы тірлікке қатысты мезетіне мың құбылған сезім ауанын, көңіл күйді, әсер-эмоцияны, көзқарасты бейнелей жеткізудің символистік поэзияға тән бір үлгісін аңдасақ, символист ақындар қолданысындағы бейнелеу тәсілдерінің келесі бір үлгісін Брюсов өлеңінен көреміз.

Брюсов өлең атауынан («Шорох») бастап «ш» дыбысына символдық-бейнелік салмақ жүктейді. Өлеңнің өне бойында құрамында «ш» дыбысы бар сөздерді пайдалану арқылы символист ақын өзі бейнелеп отырған сыбдырдың және онымен ұқсас өзге де дыбыстардың (*шелест, шурианье, шум, шепот* т.с.с.) құлаққа естіліп тұрғандай әсер қалдыруына ұмтылған. Ақын «дрожь» сөзін қолданғанның өзінде «ж» дыбысының айтылу кезінде «ш» дыбысына ұқсап дыбысталатынына дейін назарда ұстаған.

Орыс символистерінде жиі ұшырасатын бұл тәсілдердің қай-қайсын да Мағжан өз тарапынан жетілдіре, әсерін арттыра, бейнелілігін күшейте қолданады. Өйткені «...поэзиялық шығармада ойдың, сезімнің мағыналылығымен қоса бейнелілігінің, көркемділігінің мәні зор. Әр сөздің мазмұн-мағынасымен бірге ырғақ-әуезділігі де оқушыға үлкен әсер етеді. Сөз өнеріне, әдеби шығармаларға тән ойдан шығару, әсірелеу, көркемдік шарттылық та поэзияда өзінше сипат алады» [3]. Поэзияға қатысты осы жағдайларды жете түсінгендіктен де, Мағжан ақын таза символистік жырларымен қатар, махаббат лирикасының өзінде де символдық бейнелеу тәсілдерін шығармашылықпен дамыта, көркемдік қуатын арттыра, ұтымды пайдаланады. Мәселен, «Гүлсімге» аталатын әйгілі өлеңінде лирик Мағжан символист Бальмонттың жоғарыдағы өлеңіндегі тәсілдерді кейіпкер (Гүлсім) жаратылысын асқақтата бейнелеу мақсатында жаңғырта қолданады:

*Алмас қанат періште еді,
Мекені оның зарышта еді,
Жерді көрді қанға батқан.
Жүрегіне қанжар кіріп,
Жапан түзде аңдай ұлып,
Елді көрді зарлап жатқан.
Елді көрді — жерге түсті,
Жерге түсті — көрге түсті.*

Мағжан өлеңіндегі кейіпкер де — Бальмонт кейіпкері сияқты, өзге әлемнен келген жан. Алайда екі ақын кейіпкерлері арасында маңызды айырмашылық бар. Бальмонт кейіпкері жер бетіне «күдіретті қолдын» ырқына бағынып келіп қалса, өзінің не істеп жүргенін өзі де түсінбей жүрсе, Мағжан кейіпкері жер бетіне өз еркімен келген, «зарлап жатқан елді көріп, от пен суда солармен бірге болмаққа» келген. Бұл айырмашылықтың өзі Мағжан символизмінде гуманистік рух басым түсіп жататынын аңғартады.

Өлең сюжетінің әрі қарай дамуында «жерге түскен періштенің елге жасаған қызметі» суреттеле келіп («Күлгенменен бірге күліп, Өлгенменен бірге өліп, Күйгенменен бірге күйді...»), ақыр соңында періштенің де «тұңғыық теңіз — тұрмыстың» ағынына жұтылып кеткені айтылады:

*Тұрмыс — теңіз сылқ-сылқ күлді,
Сұлу суға кірді де өлді.*

Мағжан ақынның «теңіз, су» деп отырғаны — күнделікті тұрмыс-тіршілік. «Сұлу суға кірді де өлді» деуі де — нақты мағынасындағы қолданыс емес, күнделікті тіршілік қарекетінің кейіпкер жаратылысындағы періште сезімді, асыл мұратты жұтып қойғанын меззегені. Сондай-ақ «сылқ-сылқ күлу» де, «су» да, «өлу» де — символдық мағынадағы қолданыстар.

Адам болмысының құбылмалылығы Бальмонт өлеңінде:

*Я — вечно другой.
Я каждой минутой сожжен.
Я в каждой измене — живу, —*

деп суреттелсе, Мағжан өлеңінде:

*Өлді сұлу — өтті жылдар,
Өлді сұлу — бітті жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен,
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұңды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып, —*

деген үлгіде бейнеленеді.

Шағын үзінділердің өзінен байқалып тұрғандай, Бальмонт символдары шарттылыққа бейім болса, Мағжан символдарында суреттілік басым.

Бальмонт кейіпкері өзінің бұл тірлікке не үшін келгенін түсінбей, әрі-сәрі күйде жүрсе, Мағжан кейіпкері асыл мұратының күйкі тіршілік ағынына жұтылып кеткеніне құсалы. Символист Мағжан өз кейіпкерінің осынау күйін бейнелей отырып та, гуманистік мұраттарға жетелейді.

Бұл — Бальмонт үлгісіндегі символизмге Мағжан үстеген жаңалық. Бұл — символист Мағжанның шығармашылық жаңашылдығы.

Символист ақындардың бейнелеу құралдарының қатарында жиі ұшырасатын тәсілдің бірі, жоғарыда келтірілген В.Брюсов өлеңіндегідей, қайсы бір дыбысқа символдық сипат дарытып, өлеңнің әсерлілігін арттыруға талпыну болса, бұл тәсілді де Мағжан ақын шығармашылықпен түрлендіре пайдаланады. Аталмыш тәсіл Мағжан қолданысында қаншалықты жаңа сипатта көрініс беретінін бағамдау үшін «Шолпы» өлеңіне зер салып байқалық:

*Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр!*

Үзінді — бас-аяғы бес шумақтан тұратын белгілі өлеңнің бірінші шумағы. Бес шумақтың да басталуы бірдей: «Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...»

Бұл — бойжеткен бұрымындағы шолпының дыбыстық бейнесін жеткізу үшін ақынның әдейі қолданған тәсілі. Мақсаты жағынан Брюсовтың «Шорох» өлеңіндегі тәсілге ұқсас. Бірақ бірдей емес. Өйткені әр шумақта шолпы сылдырының қозғалысы да, дыбысы да, лирикалық кейіпкерге әсері де өзгеріп отырады. Бұл өзгерістерді ақын әр шумақтың кейінгі үш тармағы арқылы бейнелі жеткізеді.

Өлең динамикаға толы. Динамиканы туғызып тұрған — әр шумақ сайын қайталанып келетін шолпы сылдыры, шолпы сылдырынан сезімнің мың сан құбылуы. Алғашқы шумақта бейнеленген шолпы сылдыры алыстан естілсе, әр шумақ сайын жақындай түсіп, өлең түйінінде лирикалық кейіпкердің құшағынан табылады:

*Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Талдым, қалды сүлдер.
Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...*

Символистердің өлең әсерін арттыру, өлеңге эмоционалдық реңк үстеу мақсатында қайсыбір дыбыстарға әдейілеп екпін түсіріп, символдық мән бере қолданатын бейнелеу тәсілін өз поэзиясында пайдаланған тұста М.Жұмабаев аталмыш тәсілдің бейнелеушілік мүмкіндігін одан әрі аша түседі. «Шолпы» өлеңінен аңдалып тұрғандай, қазақ ақыны дыбыстық еліктеу деңгейінде ғана қалып қоймай, бейнеленуші объектіге (шолпының сылдыры) де, оны естуші объектінің (ақын яки лирикалық кейіпкер) ішкі толқынысы, әсер-сезімі мен эмоциялық қабылдауына да динамика дарытады. Нәтижесінде өлең алуан құбылған дыбыстар мен сезімдер қозғалысына толы туындыға айналады.

Бұл ерекшелік те М.Жұмабаевтың символистік поэзия өкілдерінен шығармашылықпен игере отырып, игергенін өз тарапынан кемелдендіре дамытып, төл поэзиямызға енгізген жаңалықтарының бірі екені анық. Бұл тұрғыда алаш ақынының көркемдік әлеміне мархабаттана үңіліп, ақын талғампаздығына тәнті бола ой өрбіткен М.Әлімбаевтың: «Мағжан ақын — көңілдің бір сәттік кернеуінен өз басын босатуды ғана емес, ол — өз сөзінің ыстығы мен жылуын мөлшерлей білетін, оқырманға ой-толғанысының қалай және қаншалық әсер ететінін өлшеп отырған аппарат-аспаптай айырар ақын. Қиялап ұшып, қиядан шолып қияндағыны қапысыз танитындай» [4], — деген пікіріне ықыластана қол қоясың.

Қазақ ақыны М.Жұмабаев шығармашылық ізденіс барысында символист-ақындардың поэтикалық әлеміне барлау жасаған сәттерде де оларды ессіз ұлықтап, көзсіз ілесе кетпей, өзіндік көзқарасын, ұстанымын сақтай отырып, символизм поэзиясына ақынның өзіне ғана тән дүниетанымынан өріс тартып жатқан символдық бейнелерімен араласады. Мағжан ақынның бұл әрекеттерінен де оның болмысына тумысынан дарыған бірбеткейлік, даралыққа ұмтылу қасиеттері аңдалады. Символист Мағжан кей тұстарда тіпті орыс символизмінің тізгінін ұстаған ақындар әспеттеген символдық бейнелерге қарама-қарсы бейнелер жасап, орыс символистерінің идеялық ұстанымына кереғар ойларға бастайды. Мысалға жүгінелік.

Өз туындыларында «Қасірет перзенттері», «Түн балалары» сияқты символдық образдарды мақсатты түрде жиі пайдаланатын орыс символизмі өкілдерінің қолданысындағы символ-образ — Көлеңкелер болып келеді. Аталмыш символ-образ Д.С.Мережковскийдің «Последняя чаша» өлеңінде:

*Последним ароматом чаши —
Лишь тенью тени мы живем.
И в страхе думаем о том,
Чем будут жить потомки наши, —*

деген үлгіде көрінсе, Вл.Соловьевта:

Милый друг, иль ты не видишь,

*Что все видимое нами —
Только отблеск, только тени
От незримого очами?*

*Милый друг, иль ты не слышишь,
Что житейский шум трескучий —
Только отклик искаженный
Торжествующих созвучий? —*

деген сипатта беріледі.

Қарап тұрсаңыз, орыс символистері саналы түрде туындатқан Көлеңке бейнесі — дәрменсіздіктің, шарасыздықтың, амалсыздықтың және ештеңеге құлықсыз самарқаулықтың символы. Ақын Мағжан болса, өз поэзиясында дәл осы әрекетсіз Көлеңке бейнесіне мүлде кереғар символ-образ От бейнесін әкелді. Мағжан поэзиясындағы От — «жарқыраудан, жанудан» тынбайтын толассыз әрекеттің, зұлымдықпен бітіспейтін, қараңғылыққа төзбейтін күрескер қимылдың, жасқанып-жалтаруды білмейтін, «құлашын көкке сермейтін» өр Рухтың символы. Өйткені ол — «Күннен туған, Күнге ғана бағынады».

Мағжан поэзиясында жарқырай көрінетін От, Күн ұлы бейнелері — қазақ ақынының орыс символистері туындатқан Қасірет перзенттері, Түн балалары, Көлеңкелер сияқты символ-образдарға қарсы саналы түрде жасаған бейнелері. Бұл бейнелер арқылы Мағжан шығармашылық ізденістері барысында өзіне әсері тиген орыс символистерінің азамат ретіндегі ұстанымдарына қарсылық білдіреді. Қазақ ақыны олардан суреткерлік тәсілдер тұрғысынан көптеген жаңашыл бояулар тапқанымен, сол бояуларды дамыта пайдаланғанымен, олардың қарекетсіздікке бастайтын көзқарастарымен келісе алмайды. Сондықтанда «Жер жүзіне нұр беруге, Күн беруге» ұмтылған Күн ұлы, От бейнелерін туғызды. Аталмыш бейнелер де — қазақ ақыны М.Жұмабаевтың басқада барды көшіріп әкелуші емес, үйрене отырып, игере отырып, танып-білгеніне өз дүниетанымынан нәр беріп, көзқарасын сіңіріп, төл топырағына жерсіндіріп, жаңа мазмұндағы дүниелер жасауға құштар жаңашылдығын айғақтайтын айшықты көркемдік құбылыстар.

Символист Мағжан жаңашылдығы дегенде назар аударатын жайттердің бірі — қазақ ақынының өзі суреттеп отырған жағдайларға қалыс көзбен қарап, сырттай қызықтаушы деңгейінде қалып қоймайтындығы.

Жоғарыдағы мысалдардан аңдалып тұрғандай, орыс символизмінің өкілдері айналадағы болып жатқан оқиғалардың қай-қайсын да өздеріне еш қатыссыз тірліктей — әлдебір Көлеңкелер мен Түн балалары жасап жатқан шаруалардай қабылдап, солардың салдарына іштей наразылық білдіріп, торығумен, үмітсіздікпен сыртынан қарап қана отырса, символист Мағжан поэзияда өзі туындатқан От, Күн ұлы бейнелеріне («Өзім — күнмін, өзім — от» иә болмаса «Мен — Күн ұлы, көзімде күн нұры бар» т.с.с.) өзі қоса кірігіп, дүниеде жүріп жатқан тірлікке араласуға ұмтылады. Ақынның символ-образдарға айналып яки символ-образдардың ақынға айналып, бірінші жақтан тіл қатуы өлеңнің әсері мен экспрессивті қуатын еселей түседі. Бұл да — Мағжан Жұмабаевтың өзіне дейін қалыптасқан қандай да бір әдеби үлгілерді жаңа сипаттар дарыта, көркемдік әсерін арттыра қолдануға бейім жаңашылдығының бір көрінісі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Бібырайым Б.* Эстетикалық тәжірибе және рухани даму // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Акад. Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арнал. жин. — Алматы: Комплекс, 2002. — 121–125-б.
- 2 *Елеукенов Ш.* Батыс-Шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев // Қазақ ССР ҒА хабарлары. — Тіл, әдебиет сер., 1990. — № 2. — 41–43-б.
- 3 *Ахметов З.* Ақын тұлғасы, адамгершілік максат-мұраты // Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Нұсқаулық. — Астана: Фолиант, 2003. — 108-109 б.
- 4 *Әлімбаев М.* Толқыннан толқын туады. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 29 б.

А.Б.Бейсентай

Символизм в поэзии Магжана

В статье рассматривается проблема символизма в поэзии Магжана Жумабаева. Автор описывает, как Магжан творчески использует приемы символизма в поэмах, и даже в любовной лирике, которые способствуют художественному совершенствованию произведений. На основе поэтических сравнений выявляются национальные особенности поэзии М.Жумабаева, не похожего на других европейских и русских поэтов.

A.B.Beysentay

Symbolism in the poetry Magzhan

In this article the question of symbolology has been considered in M.Zhumabayev. The comparison was held in the poetry of M.Zhumabayev, while analyzing national peculiarities which are quite different from others. The fact that Kazakh poetry has been put on international level shows akyn's inborn talent.

ӘОЖ 82.0

Н.Ә.Демеуғалиева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Ұлттық тарихи драматургиядағы Абылай тақырыбы

Мақалада Абылай хан тұлғасына арналған тарихи драмалардағы бостандық және тәуелсіздік идеялары ашылған. Автор тарихты, дәуірдің болмысын ұлы тарихи тұлғаның армандары мен қызметін зерттеп, оның ой-арманы мен әрекеттерін талдап, салыстырады. Тіршілік шындығы мен Абылай ханның өмірлік көзқарастарының сәйкестіліктері қарастырылған.

Кілтті сөздер: тарихи драма әдеби жанр, тарихи дерек, казак ұлтының данасы.

Еліміз еркіндікке қол жеткізіп, әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа белесіне көтерілгелі мәдениетіміз бен әдебиетіміз қайта жаңғырып, театр өнері тарихи дамудың жаңа бір сатысынан көрінуде.

Театрдың тірегі — драматургия. «Драма жоқ жерде театр өнерінің ғұмыры ұзаққа бармасы — аксиома. Яғни, театр негізі — әдебиет. Драматургия — әдебиет жанры. Осы ретте драмалық шығарманың екі бағыты айқындалады. Біріншісі — көркем әдебиет туындысы қалпындағы нұсқасы болса, екіншісі — оның сахналық материал тұрғысындағы көрінісі. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені драма сахна үшін де, көркем әдебиет үшін де аса қажетті рухани құндылық» [1].

Қай дәуір, қай заманды алып қарасақ та, өз көздеген мақсаты, айтар ойы мен мұң-мұқтажы, мүддесі болмақ. Еркіндік туымыз желбіреген, шұбарлана бастаған тілімізді, ұмытылып кеткен салт-сана, әдет-ғұрып, дінімізді, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді қайта түлетер сәтте жазушы-драматургтер де қарап қалған жоқ. Олар халқымыздың тарихы туралы, заман ағымы жөнінде, ұрпақ тәрбиесі мен қоршаған қоғамның өзіндік іс-әрекеті жайлы еңбектерін дүниеге әкелді.

«Бүгін ешбір театрға, оның қайраткеріне, режиссер мен актерге, пьеса жазатын драматургке не қоямын, сахнада не айтамын, қалай айтамын деген мәселелерге ешбір тосқауыл, шектеу жоқ. Бәрі де өз еркінде, бұрынғыдай сескенбей, жоғарыға жалтақтамай өз білгеніңше, өз шамаңның жеткенінше сахналық шығарма жасау құқығына қол жеткізді» [2]. Осы еркіндіктің арқасында біздің бүгінгі ұлттық театр сахнасында өзгерістер, жаңа бағыттар, өзіндік ізденістер көрініп келеді. Мысалы, С. Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер», Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты», Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан», М. Байсеркеновтің «Абылай ханның соңғы күндері», Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», тағы басқа пьесалары дәуір мәселелеріне терең мән бере отырып, адам жанының қуанышы